

«Бекітемін»
Мектеп директоры М.
Г.Бекбаева



№7 жалпы орта мектептің қыздар кеңесінің 2022-2023 оқу жылында атқаратын жұмыс жоспары

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Қыздар кеңесінің жоспарын бекіту	Қыркүйек	Қыздар кеңесінің төрайымы Г.Баратова
2	Мектепшілік қыздар кеңесінің төрайымы және мүшелерін сайлау. Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру	Қыркүйек	Қыздар кеңесінің төрайымы Г.Баратова ДТІЖО Г.Калмұратова
3	Қыздар жиналысын өткізу	Әр тоқсан	Қыздар кеңесінің төрайымы Г.Баратова ДТІЖО Г.Калмұратова
4	«Тазалық, тәртіп- басты талап» жеке бас гигиенасы туралы кеңес жұмысын жүргізу	Қазан	Г.Айтқулова, медбике А.Бегалиева, медбике
5	«Өмір – қымбатсың маған»	Қараша	Психологтар: Ә.Шойғараева, Ш.Қалтаева
6	«Әдеп пен ар-ұят –қыздың көркі» сұхбат	желтоқсан	ДТІЖО Ж.Абатова Қыздар кеңесінің төрайымы Г.Баратова
7	«Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?» түсіндірме жұмыстары	қаңтар	ДТІЖО Ж.Абатова Психологтар: Ә.Шойғараева, Ш.Қалтаева
8	«Жақсы мінез – жан азығы» дөңгелек үстел	ақпан	Ұйымдастырушы педагог Э.Арыстанова Тәлімгер Ұ.Абдуллаева
9	«Көктем аруы» байқау?	наурыз	Қыздар кеңесінің төрайымы Г.Баратова
10	«Бой түзеу, әуелі ой түзеу» тренинг	сәуір	ДТІЖО Ж.Абатова Психологтар: Ә.Шойғараева, Ш.Қалтаева
11	Қыздар кеңесінің жұмысын қорытындылау	мамыр	Қыздар кеңесінің төрайымы Г.Баратова

Қыздар кеңесінің төрайымы  Г.Баратова

“№7 жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022-2023 оқу жылында қыздар кеңесі жиналысының

ХАТТАМАСЫ №1

Абай ауылы

09.09.2022 жыл

Қатысқандар: 6-7-8 сынып қыздары.

Мұғалімдер: қыздар комитетінің төрайымы Г.Баратова, әлеуметтік-педагог Г.Калмұратова, психолог Ж.Шойғараева, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Калмуратова, хатшысы Ұ.Абдуллаева.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Қыздар кеңесінің төрайымын сайлау, әр сыныптан мүшелерін сайлау (6-7-8 сынып) Г.Баратова
2. Мектеп үлгісіне сай киіну. (келісім) Оқушылар арасында
3. Сөз еркіндігіне, пікір жариялығына келісу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Г.Баратова сөз сөйледі. Әр сыныптың қыздары төрайым сайлады. Қыздар кеңесінің мүшелері сайланды.

Екінші мәселе бойынша ДТІЖО Г.Калмуратова сөз алды, ол мектепте формасын қатаң түрде сақтау керектігін, биылғы оқу жылында қысқы мерзімде юбка кию, сабаққа кешікпей келулерін, мұғалімдерді көрген кезде сәлемдесу керек екендігін айтты.

Үшінші мәселе бойынша: қыздар кеңесінің төрайымы Г.Баратова «Қыз әдебі», жеке бастың гигиенасы жайлы айтты. Тырнақты алмауға, лак жағуға мүлдем болмайды. Сағыз шайнамау керек. Әжетханаға арнайы қыздарға арналған орынға бару керектігін. Шаш күтімі жайлы, шашты жаюға болмайтынын айтты. Дене шынықтыру сабағынан кейін мектеп формасына ауыстыру керек.

Қаулы етеді:

3. Мектеп оқушылары түгел формада сабаққа келу және кешікпеу.

Қыздар ұйымының төрайымы:
Хатшы:




Г.Баратова
Э.Арыстанова

“№7 жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
қыздар кеңесінің жиналысы

24.10.2021ж

Абай ауылы

ХАТТАМАСЫ № 2

Қатысқандар:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Калмуратова
Мектеп инспекторы полиция майоры А.Бөбекбай
Қыздар комитетінің төрайымы Г.Баратова
Мектеп медбикесі А.Бегалиева,
Әлеуметтік-педагог Г.Калмуратова
Психолог Ә.Шойғараева,
Тәлімгер Ұ.Абдуллаева,
Хатшысы Э.Арыстанова
Сынып жетекшілер.

9-10-11 сынып қыздары.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Ерте жүктіліктің алдын алу, ерте тұрмысқа шығу дұрыс па?
(баяндама) Медбике
2. Түрлі шаш үлгілерін білейік (пікір алмасу) Г.Баратова
3. Оқушылардың тәртібі және формасы.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша медбике Г.Баратова баяндама жасады. Өз баяндамасында 12-16 жас аралығында қыздарға ерте тұрмысқа шығудың зардаптарын үнемі айтып, ескертіп отырыуымыз керек. Өз уақытысы келгенде, жасы толғанда отбасы құрып, күйеуге шығуды жоспарлауды, заман ағымынан, уақыт талабынан қалмауды үйрете отырып, өзін-өзі тәрбиелеу, өз басын құрметтеуді түсіндірді. Ерте жүктілік жас қыздардың денсаулығына орасан зиян келтіруге әкеліп соғады, бұл өз кезегінде, қайғылы жағдайларға алып келеді. 15-18 жас аралығындағы қыздар жүкті болған және жүктілік кезінде туындайтын қиындықтар, көбнесе, өлім көрсеткішінің ұлғаюына алып келеді, мәселен дамаған мемлекеттердің өзінде жыл сайын 70 мыңға жуық жасөспірім қыздар көз жұмады. Сондықтан жасөспірімдер арасындағы жүктіліктің өсуі, жасөспірімдер арасындағы некелер мен аналар, ерте жаста түсік жасау, кәмелетке

толмаған аналардың жаңа туған нәрестелерінен бас тарту жағдайлары санының артуы, кәмелетке толмаған қыздардың дамуында патологиялар бар шараналарды дүниеге әкелуі, қыздар арасындағы суицидтердің көбеюі-осының бәрі еліміздегі демографиялық жағдайға кері әсерін тигізетінін кең көлемде түсіндірді.

Бірінші мәселе бойынша мектеп инспекторы А.Бөбекбай сөз алып ерте жүктіліктің алдын алу бойынша түсіндірді. Қыздарымызға ерте жүктіліктің зардабы туралы және кешкі уақытта теріс жүріске (жезөкше) түскен әйелдер қыздарды алдап жаман жолға салатынын айтты. Кешкі уақытта, түнгі мезгілде бей әдеп жүріп, тойханаларда жұмыс жасап алданып жүрген қыздардың жағдайын айтты. Ерте жүкті болып қалған жағдайда қыздарымыз балдарын алдыртып, кейін ана атана алмай жүрген қыздардың бар екенін айтты. Қыздардың бойында мінез өзгерістері болып жатса тез арада айтуын түсіндірді.



Екінші мәселе бойынша Әр сыныптан оқушылар кезекпен-кезек шығып түрлі шаш үлгілерін көрсетті. Сараптай келе оқушылар арасындағы ең үздік үлгі 10 «ә» сынып оқушылары алды.

Үшінші мәселе бойынша ДТІЖО Г.Калмуратова сөз алып, ол мектепте формасын қатаң түрде сақтау керектігін, сабаққа кешікпей келулерін айтты және тәртіпті болып сыпайы сөйлеу керектігін түсіндіріп өтті.

Қаулы етеді:

- 1.Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жұмыстар жандандырылсын.
2. Мектеп қабырғасында ережеге сай талаптар орындалсын.

Қыздар ұйымының төрайымы:
Хатшы:

Г.Баратова
Э.Арыстанова

“№7 жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022-2023
оқу жылындағы қыздар кеңесі жиналысының

ХАТТАМАСЫ №3

27.10.2022

Қатысқан қыздар: 6-7-8 сынып қыздары.

Мұғалімдер: қыздар комитетінің төрайымы Г.Баратова

Тәлімгер Ұ.Абдуллаева

Медбике А.Айтбаева

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Калмуратова

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Оқушылардың қалай тамақтанғаны дұрыс (баяндама) Медбике
2. Түрлі шаш үлгілерін білейік (пікір алмасу)
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша медбике А.Айтбаева баяндама жасады. Оқушылардың тамақтану тәртібін, тамақтану үлгісін және тамақтану барысында тазалық сақтау керектігін түсіндіріп айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша әр сыныптан оқушылар кезекпен-кезек шығып түрлі шаш үлгілерін көрсетті. Сараптай келе оқушылар арасындағы ең үздік үлгі 7 «ә» сынып оқушылары алды.



Үшінші мәселе бойынша ДТЖО Г.Калмуратова сөз алды. Мектеп формасын қатаң түрде сақтау керектігін, сабаққа кешікпей келулерін айтты және тәртіпті болып сыпайы сөйлеу керектігін түсіндіріп өтті.

Қаулы етеді:

1. Оқушылардың сабаққа кешікпей келуін және мектеп формасында жүруі.

Қыздар ұйымының төрайымы:

Хатшы:

Г.Баратова

Э.Арыстанова

“№7 жалпы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
қыздар кеңесі жиналысының

ХАТТАМАСЫ №4

Абай ауылы
21.12.2022 ж

Қатысқандар:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Калмуратова
Мектеп инспекторы полиция майоры А.Бөбекбай
Қыздар комитетінің төрайымы Н.Жакипова
Мектеп медбикесі А.Бегалиева
Әлеуметтік-педагог Г.Калмуратова
Психолог Ә.Шойғараева
Тәлімгер Ұ.Абдуллаева
Сынып жетекшілер.
9-10-11 сынып қыздары.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. ИТИС-ғасыр індеті (Баяндама) А.Бегалиева
2. Психолог кеңесі (пікір алмасу) Ә.Шойғараева
3. Оқушылардың тәртібі және формасы
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мед бике А.Бегалиева ЖҚТБ – ғасыр індеті жайында баяндама оқыды. Қыздарға жұкпалы аурудың жұғу жолдары және одан сақтану жолдары, аурудың өте қатерлі екендігі туралы кең көлемде түсіндірді және бейнебаян арқылы көрсетті.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы Ә.Шойғараева сөз алып оқушыларға психологиялық кеңес берді. Қазіргі таңдағы қыздар арасындағы психологиялық түсіндіру жұмыстарын айтып өтті.

Оқушылар арасынан сұрақтар қойылып, сұрақтарға нақты жауап берді. Қыз балалары тәртіпті, мектеп формасында және ерте жүктіліктің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Үшінші мәселе бойынша мектеп инспекторы А.Бөбекбай оқушылардың тәртібі, сабақтан қалмауы, кешкі уақытта беймезгіл жүрмеу керектігі туралы түсіндірді. Қыздар жиналысының төрайымы Г.Баратова апай сөз алып қыздар арасындағы түрлі мәселелерді ашып айтып тәртіпке шақырды.

Қаулы етеді:

1. Оқушылар мектеп формасында келсін.
2. Тәртіп сақталсын.

Қыздар ұйымының төрайымы:
Хатшы:



Г.Баратова
Э.Арыстанова